

**«Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық
Институтының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау нәтижелері туралы
Аналитикалық анықтама**

Қарағанды қ. « 1 » тамыз 2022ж.

Кіріспе бөлім

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді:
«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың
м.а. 30.06.2022ж. №221 бұйрығы негізінде

Жұмыс тобының дербес құрамы:

- А.А. Тұрмұхамбетова– Басқарма Төрағасы - Ректордың міндетін атқарушы, Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректор, университеттің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелеріне басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін лауазымды тұлғасы;

- А.Н. Урмашов– комплаенс-офицер;

- Е.А. Кравцов– Адами ресурстарды басқару департаменті директоры;

- Л.М. Стабаева – патология кафедрасының қауымдастырылған профессоры;

- С.К. Биева– жастармен жұмыс жөніндегі бөлім маманы;

- М.М. Кусенбаева – «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің басшысы (келісім бойынша).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылған кезең: 2021 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезеңі: 2022 жылғы 01 шілдеден 01 тамызға дейін.

Сипаттама бөлігі

**1. «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес
акционерлік қоғамының
Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық
институтының қызметін қозғайтын
нормативтік құқықтық актілер**

Осы бағыт шеңберінде жұмыс тобы келесі құжаттарға талдау жасады:

- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;

- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі;

- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 25 мамырдағы №374 бұйрығы «Қазақстан Республикасының халқына кәсіптік патология бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы»;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1032 бұйрығы «Қазақстан Республикасында кәсіптік патология бойынша медициналық көмекті ұйымдастыру стандартын бекіту туралы»;

- «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Жарғысы;

- «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық институтының Ережесі.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару персоналының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін ережелер белгіленбеген. Дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы белгіленбеген.

«Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институты туралы Ережені зерделеу барысында жұмыс тобымен ережеде **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қызметінің адалдығы мен ашықтығын қамтамасыз ету жөніндегі Институттың функционалдық міндеттерін қозғайтын нормалар жоқ екендігі** белгіленген.

2. Кадр жұмысы

Қаралып отырған кезеңде штаттық кесте 116 бірлікті құрады, саны – 93. Кадрлардың тұрақтамауы - 23,4. Бұл ретте АРБД жұмыстан босатылатын қызметкерлерге сауалнама жүргізеді. **Кадрлардың ауысу пайызы өте жоғары** екендігі туралы және жұмыс тобы себептер мен факторларды анықтай отырып, сонымен қатар сапалы және сандық жағынан кадрлардың ауысуына талдау жасауды ұсынатындығын айта кету керек.

Білімі мен біліктілігі туралы құжаттардың түпнұсқалығын растау мақсатында кадрлар жөніндегі маман қызметкер жұмысының алғашқы 3 айы ішінде білім туралы дипломды верификациялап, сұрау-хат жібереді және жазбаша растау алады. Құжаттың түпнұсқалығын растау туралы хат қызметкердің жеке ісіне тігіледі. Қызметкерлердің білімі мен біліктілігі туралы құжаттардың түпнұсқалығын растау: растау-хат не уәкілетті мемлекеттік органның (ҚР Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау Комитетінің аумақтық департаменттері) бұйрығының көшірмесі болып табылады;

Кадрлар жөніндегі маманы қызметкерді жұмысқа орналастыру кезінде біліктілік санатын бере отырып немесе бермей маман сертификатын верификациялауды жүргізеді.

- 1) Құжатты берген ұйымға (ЖОО немесе уәкілетті орган) сұрау-хат жіберіледі-жазбаша жауап алады;
- 2) электрондық верификация-құжаттың түпнұсқалығын дәлелдейтін мәліметтерді құжатты (маман сертификаты, санат беру туралы куәлік)

берген ұйымның сайтынан тікелей басып шығару.

Барлық растайтын деректер жеке істерде бар.

Жұмыс тобы талдау жүргізу кезінде директордың, бухгалтердің, инспектордың, экономистің, заңгердің лауазымдық нұсқаулықтары зерттелді.

Директордың лауазымдық нұсқаулығының 5-тармағында өз қызметінде Институттың қызметін қозғайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және ҚР өзге де заңдарының нормаларына басшылық нұсқаулық жоқ. Лауазымдық нұсқаулықтың 3-бөлімінде сондай-ақ бөлімшеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттер жоқ. Лауазымдық нұсқаулықтың 5-бөлімінде бөлімшенің қызметін жүзеге асыру процесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі жұмысты тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік белгіленбеген. Сонымен қатар, лауазымдық нұсқаулықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша комплаенс-офицермен өзара іс-әрекет жазылмаған.

Жұмыс тобы бұл фактілерді сыбайлас жемқорлық факторлары тұрғысынан қарады. Осы кемшіліктерді ескере отырып, біз Директордың лауазымдық нұсқаулығындағы құқықтық олқылықтың бар-жоғын анықтай аламыз. Басшының талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілігін белгілейтін жоғарыда көрсетілген ережелердің болмауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған барлық шараларды іске асырудың формалды тәсіліне алып келуі мүмкін.

Бухгалтердің лауазымдық нұсқаулығында 33-тармақ келесідей: «ҚМУ» КеАҚ «INTERTEACH» ЖШС клиенттеріне ұсынған медициналық қызметтер көлемінің тізілімін жасайды, есеп жүргізеді, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін және шот-фактураны ұсынады және тапсырыс берушіге төлем жасау үшін ұсынады». Контрагенттермен өзара іс-әрекет жасау процесі **жеке шарттармен реттелуге тиіс.**

Жұмыс тобы Лауазымдық нұсқаулықта нақты контрагенттерді көрсетуге жол берілмейді деп санайды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары тұрғысынан бұл факт мүдделер қақтығысы ретінде қарастырылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету

Есепті кезеңде «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ ТМККК және МӘМС шеңберінде медициналық көмектің мынадай нысандары мен түрлері бойынша қызметтер көрсетуге Қарағанды облысы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ-мен шарт жасасты:

1) Бірінші медициналық-санитарлық көмек және консультациялық-диагностикалық көмек.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы № А-08-0120-00036-NTМККК сақтандыру жүйесінде қызметтерді сатып алу шарты (ДЕАК) жасалды. ҚР-

дағы коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдайға және КШТ бойынша құнның өзгеруіне байланысты жыл ішінде шарттың сомасына түзету жүргізілді, қосымша келісімдер жасалды.

Сондай-ақ, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №А-08-0121-00026-О МӘМС сақтандыру жүйесінде қызметтерді сатып алу шарты (ДЕАК) жасалды. Жыл ішінде шарттың сомасына түзету жүргізілді, қосымша келісім жасалды.

2) Стационарлық және стационарды алмастыратын көмек.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы №С-08-0120-00181-Г ТМҚКК сақтандыру жүйесінде қызметтерді сатып алу шарты жасалды. ҚР-дағы коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдайға және КШТ бойынша құнның өзгеруіне байланысты жыл ішінде шарттың сомасына түзету жүргізілді, қосымша келісім жасалды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы №С-08-0121-00185-О МӘМС сақтандыру жүйесінде қызметтерді сатып алу шарты жасалды. Жыл ішінде шарттың сомасына түзету жүргізілді, қосымша келісім жасалды.

Аурулардың мамандық пен байланысына сараптама жүргізумен байланысты ҚД және КА институтында мамандандырылған арнайы медициналық көмек көрсету ерекшеліктері.

Кәсіби аурулар клиникасы 2021 жылы 1684 пациентке стационарлық көмек көрсетті, оның ішінде тәуліктік стационарда 1428 пациент, стационарды алмастыратын көмек 115 пациентке, ақылы негізде шаруашылық келісім шарт бойынша-141 пациентке көмек көрсетілді.

2021 жылы «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығына және «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік дәрігерінің 2020 жылғы 26 желтоқсандағы №67 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі және профессор Х.Ж. Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынымен келісім шарт жасалып кәсіби аурулар клиникасының базасында 150 төсектік инфекциялық стационар ашылды. Инфекциялық стационар 2021 жылғы 19 наурыздан 3 шілдеге дейін және 19 шілдеден 4 қыркүйекке дейін жұмыс істеді.

2021 жылы барлығы ҚД клиникасы бойынша 36426 қызмет көрсетілді, оның ішінде ТМҚКК – 11817 қызмет, МӘМС-24609 қызмет.

2021 жылы Емдеуге жатқызу бюросы порталынан 30 пациент шығарылды. Порталдан алу себептері: пациенттің емдеуге жатқызуға келмеуі (4 жағдай), пациенттің емдеуге жатқыздудан жазбаша бас тартуы (3 жағдай), емдеуге жатқызу рәсіміне байланысты емес жағдайлар (3 жағдай), бейінді емес пациент (5 жағдай), стационарлық көмекке көрсетілімдердің болмауы (1 жағдай), емдеуге жатқызу сәтінде жоспарлы емдеуге жатқызуға қарсы

көрсетілімдердің болуы ауруханаға жатқызу (5 жағдай), пациенттің деректерін Порталға енгізу кезіндегі қате жазба (9 жағдай).

Ауруханаға жатқызудан бас тартудың негізсіз себептері анықталған жоқ.

Аурудың кәсіби мамандықпен байланысын анықтау бөлігінде алқалы түрде шешім қабылдау мақсатында Басқарма Төрағасы - Ректордың 2020 жылғы 12 наурыздағы №73 бұйрығына сәйкес кәсіби патология бойынша бейінді сараптамалық комиссиялар жұмыс істейді.

2021 жылы аталған комиссиялар 162 отырыс өткізіп, 1428 пациентке кеңес берді, аурудың мамандықпен байланысына 256 бастапқы сараптама, созылмалы кәсіби ауруға 55 қайталама сараптама, еңбек жағдайлары бойынша қосымша мәліметтер ұсына отырып, 42 қайталама тереңдетілген тексеру жүргізді.

Аурудың шығу тегін анықтаудың күрделі жағдайлары және даулы мәселелер кәсіби патология бойынша Кеңейтілген сараптамалық комиссияда қаралады. Комиссия құрамы Басқарма Төрағасы – Ректордың 2020 жылғы 12 наурыздағы №73 бұйрығымен бекітілген. 2021 жылы 5 отырыс өтті, онда 10 пациент бойынша 8 өтініш қаралды:

- анықталған аурулардың жалпы сипатындағы келіспеушілік бар пациенттердің өтініштері – 5;

- белгіленген кәсіби аурумен келіспейтін кәсіпорындардың өтініштері - 3.

1 шағым негізделген, 5 шағым негізсіз, 4 жағдай бойынша аурудың кәсіби шығу тегін анықтау үшін қосымша құжаттар сұратылған.

СЖТІТ өткізу шеңберінде БМСКК қызметтерін көрсететін ҚД клиникасының жалпы практика, алдын алу және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің жұмысына талдау жасалды.

2021 жылдың 1 қаңтарына бекітіліп тіркелген халық саны 3130 адамды, 2022 жылдың 1 қаңтарына 3828 адамды құрады. Тіркелген халық тіркелімінің деректері бойынша 2021 жылы 1707 адам тіркеуден шығарылды, 1705 адам тіркелді.

Осы талдау объектісі бойынша 2021 жылы 43021 өткізілген пациенттерді қабылдау тіркелгені, фильтрде – 893 адам қабылданғаны, 209 мобильді бригада шыққандығы туралы, КВИ ауруының 92 жағдайы анықталғаны белгілі болды. 3262 Мемлекеттік қызмет көрсетілді:

- Медициналық-санитариялық бірінші көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру (№026/ у нысаны бойынша Д-есепте тұрғаны/тұрмағаны туралы) - 7 қызмет;

- Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру-1635 қызмет;

- Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру (№037/у нысаны) - 1489 қызмет;

- Алдын ала медициналық тексеруден өту (№075/у нысаны) - 131 қызмет.

Бұл ретте, қызмет көрсетуден бас тарту тіркелмегені және Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар тіркелмегені атап өтілді.

2021 жылы Институт құрылымына кіретін Ғылыми-зерттеу санитарлық-гигиеналық зертханасымен «Қостанай минералдары» АҚ еңбек жағдайларын бағалау бойынша қызметтер көрсетілді (шарт №02-1-13/2020/2000 11.11.2020 ж.), шарт шеңберінде еңбек жағдайлары 719 жұмыс орнында бағаланды, оның ішінде: белгіленген еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келеді - 284 жұмыс орны; еңбек қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына сәйкес келмейді - 435 жұмыс орны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында жұмыс тобы мемлекеттік қызметтер көрсетудің нақты процестерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтады, оның ішінде қызметтер көрсету мерзімдерін бұзудың, құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етудің жүйелі фактілері анықталған жоқ, қызметтер көрсету рәсімдері тәртібін бұзу фактілері анықталған жоқ.

4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

СЖТІТ осы бағыты аясында жұмыс тобы келесі құжаттарды талдады:

- «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңы;
- Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссия отырысының 2019 жылғы 29 наурыздағы №24 хаттамасымен мақұлданған мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының және мемлекет қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының интернет-ресурстарын үлгілік ақпараттық толықтыру қағидалары;
- Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 24 тамыздағы шешімімен бекітілген «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ ақпараттық саясаты туралы Ереже №4 хаттама;
- «Шағымдарды басқару Ережелері. 2021 жылғы 5 қаңтардағы Бас дәрігер бекіткен өтініштерді қарау және оларға шағымдану тәртібі»;
- Кәсіби денсаулық клиникасының Пациентті қолдау және кәсіптік аурулар клиникасының ішкі бақылау денсаулық қызметінің кіріс өтініштерін тіркеу журналы;
- Кәсіби денсаулық клиникасының Пациентті қолдау және кәсіптік аурулар клиникасының ішкі бақылау денсаулық қызметіне келіп түскен өтініштерге жауаптарды тіркеу журналы;
- Қоғамның ресми сайты;
- Интернет желісіндегі іздеу сұраулары.

2021 жылы кәсіби денсаулық сақтау клиникасының Пациентті қолдау және кәсіптік аурулар клиникасының ішкі бақылау денсаулық қызметіне келіп түскен өтініштерді тіркеу журналында 4 өтініш тіркелді. Сондай-ақ, Кәсіби денсаулық клиникасының Пациентті қолдау және кәсіптік аурулар клиникасының ішкі бақылау денсаулық қызметіне келіп түскен өтініштерге жауаптарды тіркеу журналын талдай отырып, жұмыс тобы барлық өтініштерге **тиісті жауаптар бар екенін анықтады**. Жұмыс тобы ұсынылған жауаптарды зерттеді. Келіп түскен өтініштер мен шағымдарды қарау бойынша жұмыс «Шағымдарды басқару ережелері» ішкі құжатына

нақты сәйкес жүргізілетіні анықталды. Өтініштерді қарау және оларға шағым жасау тәртібі». «Шағымдарды басқару ережелері. Өтініштерді қарау және оларға шағымдану тәртібі» **«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ ресми сайтында орналастырылмаған**, бұл қызмет алушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар үшін өтініш немесе шағым беру процесін қиындатуы мүмкін жағдай тудыратындығы туралы айта кету керек.

«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ ресми сайтына шолу жасау барысында «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық институты» – «Ақылы қызметтерге бағалар преЙскуранты» бөлімінде **преЙскуранттың өзі жоқ екені анықталды**. Бұл факт медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссия отырысының 2019 жылғы 29 наурыздағы №24 хаттамасымен мақұлданған мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары мен мемлекеттің қатысуы бар денсаулық сақтау ұйымдарының интернет-ресурстарын үлгілік ақпараттық толықтыру қағидаларының бұзылғанын көрсетеді және көрсетілетін қызметті алушылардың қоғамдық қызығушылық тудыратын ақпаратқа қол жеткізуін қиындатады.

Жұмыс тобы қоғамдық мүддені білдіретін Институттың қызметі туралы ақпаратты толық және уақтылы жарияламау «қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету» бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелінің индикаторы болып табылатынына назар аударады (СЖТІТ өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес).

СЖТІТ шеңберінде әлеуметтік желілер мен Интернет желісіне мониторинг жүргізу барысында жұмыс тобы **2021 жылы 2GIS-те 5 теріс пікір мен түсініктеме**, сонымен қатар **2022 жылы 6 теріс пікір анықтады**. Бұл ретте, Институт бойынша орташа баға **5 балдан 2,1 баллды** құрайды. Азаматтар техниканың істен шыққанын, медициналық тексеруден өту мүмкін еместігін, белгілі бір мамандарға барудан қанағаттанбайтындығын, қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің жоқтығын, тіркеу орны операторларының сапасыз жұмысын және т.б. көрсетеді. Бұл ретте жұмыс тобы **Институттың түсініктемелер мен пікірлерге ресми жауаптарын таппады**.

2019 жылғы 24 тамыздағы № 4 хаттама Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Ақпараттық саясаты туралы Ереженің 3 тармағына сәйкес «ақпараттық саясат Қоғамның тиімді қызметін арттыруға, оның активтерінің құнының өсуіне, инвестициялар тартуға және қолайлы имидж жасауға ықпал етуі тиіс». Мұндай жағдайларда Институт басшылығынан реакцияның болмауы және қызметтің ашықтығы мен жариялылығы қағидаттарын сақтамау қолайсыз имиджді қалыптастырып, жұртшылықтың теріс пікірін, оның ішінде жасалатын сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар туралы қауесетті тудыруы мүмкін. Сондай-ақ, көрсетілетін қызметті алушылардың түсініктемелерде көрсетілген пікірлерін және жүргізілген жұмыстың дәлелдемелерінің жоқтығын

ескере отырып, жұмыс тобы осы фактілерді мемлекеттік және өзге де қызметтерді көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторы ретінде қарайды.

5. Мемлекеттік сатып алулар

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында Институттың 2021 жылғы сатып алу жоспары бойынша дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу қажеттілігіне сәйкес толық көлемде жүргізілгені анықталды. Қызметтер мен тауарларды сатып алу да жоспар бойынша орындалды. Жұмыс тобы жоспар шеңберінде медициналық жабдықтар (Нейро МВП электронейромиографы, иммуноферментті талдағыш (жиынтықта) объективті себеппен - **қаражаттың болмауына байланысты сатып алынбағанын анықтады.**

Жұмыс тобы берілген қажеттілікпен және жоспармен салыстырғанда Институттың 2021 жылға арналған шығыстарын талдады.

Тұтастай алғанда, сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемі олардың нақты қажеттілігіне сәйкес келеді. Тауар бірлігі бағасының негізсіз болу және тауарлардың жоспарланған құнының нарықтық құнына сәйкес келмеу фактілері анықталған жоқ. Талдау барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР қолданыстағы Заңын бұзу және Мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

6. Ғылыми-инновациялық қызмет

2021 жылы Институттың ҚД Клиникасының қызметкерлері келесі ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындады:

1) «Гонартроз кезіндегі BTL 6000 SUPER INDUCTIVE SYSTEM аппаратымен инвазивті емес терапияның аналгезиясының тиімділігі»;

2) «COVID-19: Коронавирустық инфекцияны қоса, жаңа респираторлық инфекциялардың таралуына жауап беру жүйесінің ғылыми-технологиялық негіздемесі»;

Халықаралық көп орталықты зерттеу: «ДДҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) стандартты хаттамасын қолдана отырып, денсаулық сақтау қызметкерлері арасында 2019 жылғы коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуының ықтимал қауіп факторларын бағалау».

Сонымен қатар ғылыми-практикалық конференция және семинар-кеңес өткізілді.

Институттың ғылыми-зерттеу санитарлық-гигиеналық зертханасында (бұдан әрі - ҒЗСҒЗ) «Иондамайтын сәулеленудің күрделі кешенінің адам ағзасына теріс әсерін анықтау (медициналық персонал мысалында)» ҚР БҒМ № AP09259923 Гранты орындалады. Іске асыру кезеңі 2021-2023 жж. Жұмыс тобы күнтізбелік жоспары бар гранттық өтінімді, 2021 жылы атқарылған жұмыс туралы есепті, сондай-ақ JOURNAL OF CLINICAL MEDICINE OF KAZAKHSTAN мақаласын зерттеді.

Жұмыс тобы ғылыми зерттеудің жоспарланған нәтижелерінің болуын, барлық мәлімделген сарапшылардың тартылуын, зерттеу тобы мүшелерінің міндеттерінің нақты бөлінуін, ғылыми журналда жариялануын, қол жеткізілген нәтижелердің іске асырудың көрсетілген мерзімдеріне сәйкестігін растайды. ҚР БҒМ AdalBilim жобалық кеңсесі әзірлеген және бекіткен «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы: ЖОО деңгейі» нормаларын ескере отырып, жұмыс тобы **жобаны және оның кезеңдерін ЖОО-да, сондай-ақ Интернет және БАҚ-да жариялаудың болмауы** анықталды.

Осы бағыт бойынша басқа да елеулі бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған жоқ.

7. Тексеру актілерінде көрсетілген бұзушылықтарды жою

СЖТІТ осы бағыты аясында жұмыс тобы келесі құжаттарды талдады:

- 2021 жылғы 03 шілдедегі медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша №229 қорытынды;
- 2021 жылғы 17 шілдедегі медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша №230 қорытынды;
- 2021 жылғы 6 тамыздағы медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша №230/1 қорытынды;
- 2021 жылғы 6 тамыздағы қызметтерді сатып алу шартын тиісінше орындау бойынша №231/2 қорытынды;
- 2021 жылғы 28 қазандағы медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша №393 қорытынды
- ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуын мониторингілеу бойынша түзету іс-шараларының Жоспары (2021 жылғы 17 шілдедегі қызметтерді сатып алу шартын тиісінше орындау бойынша №230 қорытынды);
- 2021 жылғы 30 қарашадағы №10 көрсетілген медициналық қызметтердің сапасын сараптау актісі;
- 2021 жылғы 12 ай, 1,2,3,4 тоқсан үшін ӘМСҚ саратшысы жүргізген сарптама кезінде анықталған ақаулар үшін қаржы қаражатын алу фактісі бойынша Аналитикалық анықтама.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы өткізген 2021 жылғы 03 шілдедегі медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша №229 қорытындыға сәйкес ақаулар **анықталған жоқ**, айыппұл санкциялары **қолданылған жоқ**. Сарапшылар «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ әкімшілігі және ПҚЖІБҚ-не 2 ұсыныс енгізді. **Ұсыныстар қабылданды.**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы өткізген 2021 жылғы 17 шілдедегі медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша №230 қорытындыға сәйкес сарапшылар **4 бұзушылықты анықтап, 5 ұсыныс және ескертулер енгізді.** Жауапты орындаушылар анықталған бұзушылықтардың барлық тармақтары бойынша түзету іс-шараларының

Жоспарын жасады. 2021 жылғы 6 тамыздағы медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша №230/1 және 2021 жылғы 6 тамыздағы қызметтерді сатып алу шартын тиісінше орындау бойынша №231/2 қорытындыларға сәйкес «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ-ның қайта проактивті мониторингі өткізілді, оның барысында бұзушылықтар анықталған жоқ, бұл ретте сарапшылар бұрын анықталған бұзушылықтар жойылғанын анықтады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы өткізген 2021 жылғы 28 қазандағы №393 медициналық қызметтердің сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша қорытындыға сәйкес, сарапшылар «ПЦР әдісімен биологиялық материалдың COVID-19 вирусының РНҚ анықтау» диагностикалық қызметтерін төлеуге негізсіз көрсетудің 2 жағдайын анықтады, 1 ұсыныс енгізілді. Жұмыс тобы осы қорытынды бойынша бұзушылықтарды жою бойынша материалдарды қарады. Жұмыс жүргізіліп жатқаны анықталды, мұны 2021 жылғы 12 ай, 1,2,3,4 тоқсан үшін ӘМСҚ сарапшысы жүргізген сараптама кезінде анықталған ақаулар үшін қаржы қаражатын алу фактісі бойынша көрсетілген қызметтердің сапасын сараптау актісі және талдамалық анықтама куәландырады.

Жұмыс тобы бұзушылықтарды жою бойынша жұмыс әзірленген жоспарларға, сарапшылардың ұсыныстары мен ұсынымдарына сәйкес жүргізілгенін анықтады.

8. «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институты қызметкерлерінің арасында сауалнама жүргізу

«ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институты қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін зерттеу мақсатында жұмыс тобы Институттың **23 қызметкеріне** жасырын сауалнама жүргізді.

Респонденттердің санаты: кіші медициналық персонал – **13%**, орта медициналық персонал – **56,5%**, дәрігерлік персонал-**26,2%**, ӘБҚ – **4,3%**.

Сауалнамаларды талдау барысында жұмыс тобы респонденттердің **87%** - ы сыбайлас жемқорлық қоғамды ыдыратады және пара беруден аулақ болу керек деп санайды. Сауалнамаға жауап бергендердің **69,5%** - ы Институт басшылығы пара алмайды деп санайды, ал **30,4%** - ы жауап беруге қиналды, ал **1 респондент** Институт басшылығының көпшілігі пара алады деп санайды.

Соңғы 2 жылда сұралғандардың **100%** - ы «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтында Сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болған жоқ. Бұл ретте, «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтында сұралғандардың **8,7%** - ы соңғы 2 жылда Сыбайлас жемқорлық жағдайлары немесе ықтимал сыбайлас жемқорлыққа алып келетін жағдайлар туралы естіген.

Қызметкерлердің 60,9%-ы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын түсіндіру бойынша іс-шаралар жарты жылда бір рет өткізіледі, респонденттердің 13% - ы осы іс-шаралар тоқсанына бір рет және айына бір рет өткізіледі деп мәлімдейді, 1-респондент «аптасына бір рет» деп жауап берді және 1-респондент олардың өткізілмейтінін мәлімдейді. Бұл ретте «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен 91,3%, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл бойынша іс-шаралар Жоспарымен - 82,6% танысты.

Пара талап еткен жағдайда немесе сыбайлас жемқорлық жағдай туралы білсе **сұралғандардың 34,8% - ы** «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ-да кімге жүгінетіндерін білмейді. Қалған респонденттер ПҚЖБҚ-не, әкімшілікке және компаенс-офицерге жүгінетін еді.

Сондай-ақ, респонденттер, олардың көз-қарасы пікірінше, «ҚМУ» КеАҚ Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының (көптеген таңдау) қызметінде қандай жағдайлар сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне көбірек ұшырағанын атап өтті. **30,4% - ы** «пандемия кезеңінде инфекциялық стационарға жұмысқа орналастыру», **17,4%-ы** – «медициналық - әлеуметтік сараптамаға құжаттарды ресімдеу», **8,7% - ы** – «жұмысқа орналастыру», «мемлекеттік сатып алу» жауаптарын, **4,3% - ы** – «емдеуге жатқызу туралы мәселені шешу» және «еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру» жауаптарын жинап алды. **11 рет** респонденттер Институт қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкелетін процестер жоқ екенін атап өткендігі туралы айта кету керек.

«Әлеуметтік желілердегі және Интернеттегі пациенттердің теріс пікірлері бұзушылықтарды, оның ішінде сыбайлас жемқорлық жағдайларын көрсете алады деп Сіз ойлайсыз ба?» деген сұраққа, **8,7% «ИӘ»** деп санайды, **4,3%** «бұл тек басшылық құрамның дұрыс жұмыс істемегенін көрсетеді» деп санайды, **21,7%** жауап беруге қиналды.

Қорытындылар мен ұсынымдар.

1. «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының директорына институттың өз өкілеттіктері шеңберінде Қоғамның компаенс-офицерімен осы нормаларды келісе отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша және қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарын жүргізу жөніндегі міндеттерін айқындау бөлігінде «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институты туралы Ереженің «Функциялары» деген 5-бөліміне өзгерістер енгізу ұсынылды.

2. «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық

Институтының кадрлар жөніндегі маманына Институт директорының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және қызметінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері мен жауапкершілігін айқындау жөніндегі лауазымдық нұсқаулықтарына өзгерістер енгізу ұсынылды. Сондай-ақ, Қоғамның комплаенс-офицерімен өзара іс-әрекетті жазу.

3. «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының кадрлар жөніндегі маманына Лауазымдық нұсқаулықта нақты контрагенттердің көрсетілуін болдырмай, Институт бухгалтерінің Лауазымдық нұсқаулықтарын қайта қарау ұсынылды.

4. Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі Біріккен комиссия отырысының 2019 жылғы 29 наурыздағы №24 хаттамасымен мақұлданған мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының және мемлекет қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының интернет-ресурстарын үлгілік ақпараттық толықтыру Ережелерінің 1-қосымшасына сәйкес, ПҚЖІБҚ-не «Шағымдарды басқару ережелері» орналастыру ұсынылды. «Өтініштерді қарау және оларға шағымдану тәртібі» тақырыбында жеке деректердің сақталуын сақтай отырып, азаматтар мен ұйымдардың өтініштеріне шолу жасап ресми сайтында жариялау.

5. Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссия отырысының 2019 жылғы 29 наурыздағы №24 хаттамасымен мақұлданған мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары мен мемлекет қатысатын денсаулық сақтау ұйымдарының интернет-ресурстарын үлгілік ақпараттық толықтыру Ережелерінің 1-қосымшасына сәйкес «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының Директорына ақылы қызметтердің баға прејскурантын орналастыру ұсынылды. Сондай-ақ, Ережелерге сәйкес сайтта орналастырылған Институттың барлық ақпаратын қайта қарап, дұрыстап сәйкестікке келтіру қажет.

6. «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының директорына қызметкерлер арасында өткізілген сауалнама нәтижелерін назарға алу ұсынылды.

7. «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының директорына әлеуметтік желілер мен Интернет желілеріндегі пікірлер мен өтініштерге мониторингті ерекше бақылауға алу, әлеуметтік желілер мен Интернет желілеріндегі шағымдар мен өтініштерге уақтылы жауап беру бойынша жұмысты жүргізу, сондай-ақ осы шағымдар мен өтініштерді есепке алу журналын жүргізу ұсынылды.

8. «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық

Институтының директорына қоғаммен байланыс қызметімен бірлесіп ҚР БҒМ AdalBilim жобалық кеңсесі әзірлеген және бекіткен «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы: ЖОО деңгейі» сәйкес ғылыми жобалар мен олардың кезеңдерін Қоғамның ресми ресурстарында, сондай-ақ Интернет желісінде және БАҚ –да жариялауды жүзеге асыру ұсынылды.

9. Қызметкерлер арасынан респонденттердің пікірін ескере отырып, «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының директорына барлық қызметкерлерді танысу парағына белгі қоя отырып, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар Жоспарымен таныстыру ұсынылды.

10. Қызметкерлер қатарындағы респонденттердің пікірін ескере отырып, «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының директорына әзірленген кестені комплаенс-офицермен келісе отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері бойынша тоқсанына кемінде 1 рет жалпы білім беріп оқыту және ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізу кестесін әзірлеу ұсынылды.

11. «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының директорына проблемалық және даулы мәселелер бойынша университет бөлімшелеріне жүгіну тәртібін түсіндіру бойынша тиісті жұмыс жүргізу ұсынылды.

12. «Қарағанды медицина университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық Институтының директорына 2022 жылғы 29 тамыздан кешіктірмей бекітілген нысан бойынша түзету іс-әрекеттерінің Жоспарын әзірлеу ұсынылды.

Жұмыс тобының басшысы,
Басқарма Төрағасы – Ректордың м.а.

 А.А. Тұрмұхамбетова